

Логопед-дефектологтың жылдық қорытынды есебі

С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясында логопед-дефектолог болып 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс істеп келемін.

22.05.2025ж. жағдай бойынша логопед және дефектологтың көмегін қажет ететін оқушылар саны – 20. Логопедпен сабақ жазылған оқушылар - 19, дефектологпен сабақ жазылған оқушылар - 18

ПМПК қорытындылары бойынша:

- Психикалық дамуы тежелген – 14 (70%);
- Қарым-қатынас пен әлеуметтік жағының бұзылысы бар оқушылар – 3 (15%);
- СТЖД балалар – 14 (70%);
- Оқу мен жазуының бұзылысы бар балалар – 11 (55%);
- Есту қабілеті нашар оқушылар – 2 (10%);
- Зерде бұзылысы бар оқушылар – 1 (5%).

«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде ерекше білімді қажет ететін оқушылар сабақтан тыс уақытта кіші топтық және жеке сабақтар түрінде түзете-дамыту сабағына қатысты. Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Психикалық дамуы тежелген балалармен танымдық қабілеттерін дамыту және бұзылыстарын түзету бойынша жұмыс жүргізілді.

Зерде бұзылысы бар балалармен оқу бағдарламасындағы артта қалушылықтың орнын толтыру, жазу мен оқудың алғышарттарын қалыптастыру бойынша жұмыстар жасалды.

Оқу мен жазуда қиындықтары бар балалармен алғашқы оқу, жазу дағдыларын меңгеру, дисграфия мен дислексияның алдын алуға бағытталған жұмыстар жасалды.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен дыбыс қою, оны машықтандыру, ажырату, сөздік қорын, тілдің грамматикалық жағын жетілдіруге арналған тапсырмалар берілді.

Есту қабілеті нашар балалармен есту қабілетін дамыту және бұзылыстың орнын толтыруға арналған жұмыстар жүргізілді.

Түзету жұмысы барысы туралы ата-аналармен үнемі сұхбат жүргізіліп, кеңестер беріліп отырды.

Келесі оқу жылына қойылатын жоспар:


1. Мектеп жасындағы ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасау бойынша өз білімімді жетілдіру;
2. Дидактикалық оқу құралдарын толықтыру.

Логопед және дефектологтың көмегін қажет ететін оқушыларға талдау


Сыныптар бойынша



Оқыту тілі бойынша



Жынысы бойынша



Логопед-дефектолог

Бегайдар Б.Б.